

"Бухгалтерлік есеп пен аудит саласында мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 мамырдағы № 476 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 маусымдағы № 812 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1448 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1448 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Бухгалтерлік есеп пен аудит саласында мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 мамырдағы № 476 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж. , № 35, 281-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген «Бухгалтерлердің кәсіби ұйымын аккредиттеу туралы куәлік беру» мемлекеттік қызмет стандартында:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Кәсіби ұйымды аккредиттеу туралы куәлік алу үшін мыналарды ұсыну қ а ж е т :

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 қазандағы № 1248 қаулысымен бекітілген Кәсіптік ұйымдарды, сертификаттау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу қағидаларына (бұдан әрі – Аккредиттеу қағидалары) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) мынадай құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері: жарғы, мемлекеттік тіркелгені және салық төлеушінің тіркеу нөмірі (бар болса – бизнес-сәйкестендіру нөмірі) берілгені туралы куәліктер немесе салыстыру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда осы құжаттардың нотариалды расталған кө ш і р м е л е р і ;

3) ұйымның жарғысына сәйкес бекітілген халықаралық тәжірибеге сәйкес келетін және оның барлық мүшелері үшін міндетті болып табылатын кәсіби бухгалтерлердің этика кодексі;

4) Аккредиттеу қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіби

ұйымдардың құрамы туралы мәліметтер;

5) Аккредиттеу қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіби ұйымдардың құрылымы, жұмыс органдарының болуы туралы мәліметтер;

6) оқыту іс-шараларын өткізу жоспарын көрсете отырып, өз мүшелерінің біліктілігін арттыру жүйесінің бар екенін растайтын құжаттар.

Аккредиттеу жүргізу үшін осы тармаққа сәйкес ҚБК-ға ұсынған барлық құжаттар тізімдеме бойынша қабылданады, оның көшірмесі ҚБК құжаттарды қабылдаған күні туралы белгі қойылып, тапсырылған күні өтініш берушіге жіберіледі (тапсырылады).

Осы тармақтың 4), 5), 6) тармақшаларында санамаланған құжаттар қағаз және электрондық тасығыштарда мемлекеттік және орыс тілдерінде беріледі.

Заңды тұлғаның атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген, қайта ұйымдастырылған, заңды мекенжайы өзгерген жағдайда кәсіби ұйымды аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеу үшін күнтізбелік он бес күн ішінде мыналарды ұсыну қажет:

1) тиісті өзгерістер туралы жазбаша хабарлама;

2) Аккредиттеу қағидаларының 2-тармағына сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, кәсіби ұйымды аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеу туралы өтініш.

Кәсіби ұйым аккредиттеу туралы куәлікті жоғалтқан жағдайда:

1) жоғалғаны белгілі болғаннан кейін күнтізбелік бес күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында сериясын, нөмірін және берілген күнін көрсете отырып, аккредиттеу туралы куәлікті жарамсыз деп тану туралы жариялауы;

2) жоғалғаны белгілі болғаннан кейін күнтізбелік он бес күн ішінде ҚБК-ға аккредиттеу туралы куәлікті жарамсыз деп тану және телнұсқасын беру туралы өтініш беруі қажет.

ҚБК өтініш берілген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жаңа нөмір бере отырып және жоғарғы оң жақ бұрышында «Телнұсқа» деген жазуы бар аккредиттеу туралы куәліктің телнұсқасын береді.»;

15-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«ҚБК өтініш берушіден аккредиттеуге арналған құжаттар түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде осы Стандарттың 11-тармағында көрсетілген, ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмауы фактісі анықталған жағдайда көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша уәждемелі бас тарту береді.»;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Мыналар осы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады:

1) дұрыс емес құжаттар ұсыну;

2) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасы талаптарының бұзылуы;

3) консультативтік органның құрамына кәсіби ұйым мүшелерінің аккредиттеу қағидаларында белгіленген санының жіберілмеуі және олардың толыққанды жұмысының қамтамасыз етілмеуі;

4) белгілеген тәртіппен ҚБК-ға өзінің қызметі туралы есептіліктің ұсынылмауы;

5) халықаралық және ұлттық стандарттарды қолдану жөніндегі сұраулардың қаралауы.

Кәсіби ұйымдар көрсетілген бұзушылықтарды жойған кезде аккредиттеу туралы өтініш Аккредиттеу қағидаларына сәйкес қаралады.»;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген «Бухгалтерлерді кәсіптік сертификаттау жөніндегі ұйымды аккредиттеу туралы куәлік беру» мемлекеттік қызметтер стандартында:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Сертификаттау жөніндегі ұйымды аккредиттеу туралы куәлік алу үшін мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 қазандағы № 1248 қаулысымен бекітілген Кәсіптік ұйымдарды, сертификаттау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу қағидаларына (бұдан әрі – Аккредиттеу қағидалары) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) мынадай құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері: қызметінің негізгі түрлерінің бірі бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйым ретіндегі қызмет деп көзделетін жарғы, мемлекеттік тіркелгені туралы куәлік және салық төлеушінің тіркеу нөмірі (бар болса – бизнес-сәйкестендіру нөмірі) берілгені туралы куәлік немесе салыстыру үшін түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда осы құжаттардың нотариалды расталған көшірмелері;

3) бухгалтерлердің аккредиттелген кәсіби ұйымымен өзара іс-қимыл жасау туралы келісім;

4) Аккредиттеу қағидаларына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сертификаттау жөніндегі ұйымның құрылымы, жұмыс органдарының болуы туралы мәліметтер;

5) Аккредиттеу қағидаларына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп», «Салық және салық салу» және «Азаматтық құқық» пәндері бойынша оқудан тәуелсіз емтихан жүйесінің бар екенін растайтын мәліметтер;

6) мыналар:

тест сұрақтары мен ахуалдық есептерді қамтитын емтихандық модульдердің құрылымы;

сертификаттау пәндері бойынша емтихандардың кемінде үш сағат ұзақтығы;
кәсіби бухгалтерге кандидаттардың (бұдан әрі – кандидат) жұмыстарына тексеру жүргізу күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімі;

соңғы сертификаттау пәні бойынша сертификаттар берудің оң нәтиже алынған күннен бастап он төрт күннен аспайтын мерзімі;

нәтижесі бекітілген күннен бастап келесі үш жылдың ішінде ғана жарамды деп танылатын «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп» пәні бойынша, нәтижесі бекітілген күннен бастап келесі бес жылдың ішінде ғана жарамды деп танылатын «Салық және салық салу» және «Азаматтық құқық» пәндері бойынша кандидаттың оң нәтиже алуы;

кандидаттардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктері көрсетілген бухгалтерлерді кәсіптік сертификаттау жөніндегі емтихандарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы бекітілген ереже;

7) Аккредиттеу қағидаларына 6-қосымшаға сәйкес емтихан комиссиясы төрағасының, оның мүшелерінің, тәуелсіз байқаушылардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершіліктерін және оның құрамын көрсете отырып, көрсетілген комиссия туралы бекітілген ереже;

8) арызды қарау мерзімдерін, оның және апелляциялық комиссия (кеңес) шешімінің, нысанын белгілей отырып, оның құрамын, арыздарды беру мерзімін және емтихандардың нәтижелері бойынша арыздарды сотқа дейін қарауды жүргізу тәртібін көрсете отырып, комиссия (кеңес) туралы бекітілген ереже;

9) пәндер бойынша емтихандар өткізудің үш жылдық кезеңге арналған б е к і т і л г е н к е с т е с і ;

10) «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп», «Салық және салық салу» және «Азаматтық құқық» пәндері бойынша Аккредиттеу қағидаларына 7-қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкес емтихандық модульдер мен емтихандардың нәтижелерін бағалау тәртібін қамтитын сертификаттау бағдарламалары жөніндегі материалдар;

11) кәсіби бухгалтер сертификатының жобасы.

Аккредиттеу жүргізу үшін ҚБК-ға осы тармаққа сәйкес ұсынылған барлық құжаттар тізімдеме бойынша қабылданады, оның көшірмесі ҚБК құжаттарды қабылдаған күні туралы тапсырылған күні белгі қойылып, өтініш берушіге жіберіледі (та п с ы р ы л а д ы).

Осы тармақтың 3), 4), 5), 6), 7), 8) тармақшаларында санамаланған құжаттар қағаз және электрондық тасығыштарда мемлекеттік және орыс тілдерінде б е р і л е д і .

Заңды тұлғаның атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген, қайта ұйымдастырылған, заңды мекенжайы өзгерген жағдайда сертификаттау жөніндегі ұйымды аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеу үшін күнтізбелік

он бес күн ішінде мыналарды ұсыну қажет:

- 1) тиісті өзгерістер туралы жазбаша хабарлама;
- 2) Аккредиттеу қағидаларының 3-тармағына сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, сертификаттау жөніндегі ұйымды аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеу туралы өтініш.

Сертификаттау жөніндегі ұйым аккредиттеу туралы куәлікті жоғалтқан жағдайда:

1) жоғалғаны белгілі болғаннан кейін күнтізбелік бес күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында сериясын, нөмірін және берілген күнін көрсете отырып, аккредиттеу туралы куәлікті жарамсыз деп тану туралы жариялауы;

2) жоғалғаны белгілі болғаннан кейін күнтізбелік он бес күн ішінде ҚБК-ға аккредиттеу туралы куәлікті жарамсыз деп тану және телнұсқасын беру туралы өтініш беруі қажет.

ҚБК өтініш берілген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жаңа нөмір бере отырып және жоғарғы оң жақ бұрышында «Телнұсқа» деген жазуы бар аккредиттеу туралы куәліктің телнұсқасын береді.»;

15-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«ҚБК өтініш берушіден аккредиттеуге арналған құжаттар түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде осы Стандарттың 11-тармағында көрсетілген, ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмауы фактісі анықталған жағдайда көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша уәждемелі бас тарту береді.»;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Мыналар осы қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады:

- 1) дұрыс емес құжаттар ұсыну;
- 2) емтихандық модульдердің мазмұны бөлігінде халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары сақталмауы;

3) Аккредиттеу қағидаларына 7-қосымшада көрсетілген талаптарының бұзылуы.

Сертификаттау жөніндегі ұйымдар көрсетілген бұзушылықтарды жойған кезде аккредиттеу туралы өтініш Аккредиттеу қағидаларына сәйкес қаралады.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

